

ХАТТАМА №1

19.05.2023ж

Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжі ұжымының кезектен тыс жиналысы өтті.

Қатысқандар: 50

Қатыспағандар:5

Денсаулығына байланысты:2

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері туралы түсінік жұмыстары.

ББ басшысы Д.Жұмашева

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ережесімен таныстыру және түсінік жұмыстарын жүргізу.

Колледж басшысы С.С.Жукенова

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша білім басқармасының басшысы Д.Жұмашеваның төрағалығымен облыс бойынша барлық колледждердің басшылары мен ұжымдардың қатысуымен жиналыс өтті. Жиналыста басқарма басшысы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелеріне ерекше тоқталып өтті. Оның ішінде: 2022-2023 оқу жылының аяқталуына байланысты сессия кезінде ақша жинауға, дастархан жасауға, комиссия мүшелеріне сыйлық дайындауға тыйым салынатындығын, оқу жылының ішінде оқу жүктемелерін бөлу кезінде ашықтықты қалыптастыруды, колледжде сыбайлас жемқорлық немесе заңсыз оқиға орын алған жағдайда білім басқармасының қызу желісіне хабарламалар қалдыруды немесе құқық қорғау органдарына хабарлау керектігін, білім беру ұйымында еңбек тәртібін қатаң сақтауды; педагогтарды марапаттауға ұсыну және сыйақы тағайындау кезінде білім беру ұйымында арнайы комиссия құрып, оның құрамына қатардағы арнайы немесе жалпы пән оқытушыларын енгізуді, педагогикалық әдеп нормаларын сақтауды, қызмет ережелерін субординация сақтауды тапсырды.

Сонымен қатар білім беру ұйымдарының оқу процесінде, жұмыстарында ашықтықты, әділдікті, адалдықты қамтамасыз ету керектігін қатаң ескертті.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша колледж басшысы С.Жукенова 2022-2023 оқу жылының жазғы сессия кезінде сыбайлас жемқорлық жағдайларының туындамауының алдын алу мақсатында барлық оқытушылар мен шеберлерге түсінік жұмыстарын жүргізді, оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінен өз міндеттерін дұрыс орындауды талап етті. Сыбайлас жемқорлық көріністері пайда болған жағдайда қатаң шара қолданатындығы туралы ескертілді.

Осы орайда колледж басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ережесімен таныстырып және түсінік жұмыстарын жүргізді.

Қаулы:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оған қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдерін болдырмау мақсатында жұмыстар жандандырылсын.

Жауапты: Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ережелері бойынша жұмыстану әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия мүшелеріне тапсырылсын.

Төрайым:



С.С Жукенова

Хатшы:



О.Калабаева